

Бағалы қағаздар рыногы субъектілеріне олар алған лицензиялардың және Қазақстан Республикасының қолданылып жүрген заңдарының шарттарына сәйкес келуіне тексерістер жүргізудің тәртібі туралы нұсқаулықты бекіту туралы

Күшін жойған

Қаулы Қазақстан Республикасы Бағалы қағаздар жөніндегі Ұлттық комиссиясы Директораты 1999 жылғы 30 қыркүйек N 443. Күші жойылды - ҚР Қаржы рыногын және қаржылық ұйымдарды реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігі Басқармасының 2004 жылғы 12 сәуірдегі N 110 (V042845) қаулысымен.

"Бағалы қағаздар рыногы туралы" Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 05 наурыздағы заңы 24-2-бабының 1 және 2-тармақтарын және Қазақстан Республикасы Президентінің 1997 жылғы 13 қарашадағы N 3755 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссиясы туралы ереженің 4-тармағының 40) тармақшасын орындау мақсатында және Қазақстан Республикасы Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссиясы (бұдан әрі "Ұлттық комиссия" деп аталады) орталық аппаратының бағалы қағаздар рыногы субъектілеріне олар алған лицензиялардың және Қазақстан Республикасының қолданылып жүрген заңдарының шарттарына сәйкес келуіне тексерістер жүргізу жөніндегі жұмысын ұйымдастыру мақсатында Ұлттық комиссиясының Директораты қаулы етеді:

1. Бағалы қағаздар рыногы субъектілеріне олар алған лицензиялардың және Қазақстан Республикасының қолданылып жүрген заңдарының шарттарына сәйкес келуіне тексерістер жүргізудің тәртібі туралы нұсқаулық бекітілсін (қоса берілді).

2. Осы Қаулының Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде тіркелген күнінен бастап күшіне енгізілетіндігі белгіленсін.

3. Ұлттық комиссия орталық аппаратының Төраға қызметі - Талдау және стратегия басқармасы осы Қаулыны және жоғарыда аталған Нұсқаулықты (ол күшіне енгізілгеннен кейін) "Қазақстанның қор биржасы" ЖАҚ-ның, бағалы қағаздар рыногы кәсіпқой қатысушылары қауымдастықтарының (оларға осы Қаулыны және жоғарыда аталған Нұсқаулықты өз мүшелерінің назарына жеткізу жөніндегі міндетті жүктей отырып) және "Бағалы қағаздар орталық депозитарийі" ЖАҚ-ның назарына жеткізсін.

4. Ұлттық комиссия орталық аппаратының Лицензиялау және қадағалау басқармасы:

1) осы Қаулыны және жоғарыда аталған Нұсқаулықты (ол күшіне

енгізілгеннен кейін) Қазақстан Республикасының қолданылып жүрген заңдарына сәйкес лицензиялауға жататын бағалы қағаздар рыногындағы қызметті жүзеге асыратын және "Қазақстан қор биржасы" ЖАҚ-ның және бағалы қағаздар рыногының кәсіпқой қатысушылары қауымдастықтарының мүшелері болып табылмайтын ұйымдардың назарына жеткізсін;

2) жоғарыда аталған Нұсқаулықтың орындалысына бақылау жасасын.

5. Жоғарыда аталған Нұсқаулық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде тіркелген сәттен бастап Ұлттық комиссияның 1996 жылғы 25 көкектегі N 40 қаулысымен бекітілген және Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 1996 жылғы 23 тамызда 194 нөмірмен тіркелген Қазақстан Республикасы Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссиясының тексерістер жүргізу тәртібі туралы нұсқаулықтың күші жойылған деп танылсын.

Ұлттық комиссияның Төрағасы

Қазақстан Республикасы
Бағалы қағаздар жөніндегі
ұлттық комиссиясы
Директоратының
1999 жылғы 30 қыркүйектегі

N 443 қаулысымен бекітілді

Бағалы қағаздар рыногы субъектілеріне олар алған лицензиялардың және Қазақстан Республикасының қолданылып жүрген заңдарының шарттарына сәйкес келуіне тексерістер жүргізудің тәртібі туралы

Нұсқаулық

Осы Нұсқаулық "Бағалы қағаздар рыногы туралы" Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 05 наурыздағы заңына және Қазақстан Республикасы Президентінің 1997 жылғы 13 қарашадағы N 3755 жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасы Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссиясы туралы ережеге сәйкес әзірленді және Қазақстан Республикасы Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссиясы орталық аппаратының төменде аталған бағалы қағаздар рыногы субъектілеріне олар алған лицензиялардың және Қазақстан Республикасының қолданылып жүрген заңдарының шарттарына сәйкес келуіне тексерістер жүргізудің тәртібін белгілейді:

- 1) бағалы қағаздардың кәсіпқой қатысушыларына;
- 2) бағалы қағаздармен сауда-саттық ұйымдастырушыларға;
- 3) Бағалы қағаздар рыногы кәсіпқой қатысушыларының өзін-өзі реттейтін ұйымдарына;
- 4) инвестициялық қорларға;
- 5) бағалы қағаздар рыногында Қазақстан Республикасының қолданылып

жүрген заңдарына сәйкес лицензиялауға жататын қызметті жүзеге асыратын өзге де ұйымдарға.

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Нұсқаулықта пайдаланылған ұғымдар мынаны білдіреді:

1) "Жетекшілік жасайтын атқарушы директор (атқарушы директор, жетекшілік жасайтын)" - Ұлттық комиссияның Төрағасы немесе Ұлттық комиссия орталық аппаратының тиісті бөлімшесіне жетекшілік жасайтын Ұлттық комиссияның мүшесі - атқарушы директоры (оның ішінде міндетін атқару схемасына сәйкес);

2) "Лицензиат" - бағалы қағаздар рыногындағы қызметті жүзеге асыруға лицензияны иеленген ұйым;

3) "Ұлттық комиссия" - Қазақстан Республикасы Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссиясы;

4) "Тексеріс" - бағалы қағаздар рыногы субъектілерін олар алған лицензиялардың және Қазақстан Республикасының қолданылып жүрген заңдарының шарттарына сәйкес келуіне тексеру;

5) "Лицензиялау және қадағалау басқармасы" - Ұлттық комиссия орталық аппаратының Лицензиялау және қадағалау басқармасы;

6) "Заң басқармасы" - Ұлттық комиссия орталық аппаратының Заң басқармасы.

2. Тексерістер Ұлттық комиссия Төрағасының Лицензиялау және қадағалау басқармасына жетекшілік жасайтын атқарушы директормен келісім бойынша берілген бұйрықтарының негізінде:

1) Тексерістер жоспарына (жоспарлы тексерістерге);

2) Қазақстан Республикасы Президентінің жарлықтарына (өкімдеріне) Қазақстан Республикасы Парламентінің немесе оның жекелеген Палаталарының қаулыларына, бағалы қағаздар рыногы субъектілерінің шағымдарына, мемлекеттік органдардың және өзге де ықтимал тұлғалардың өтініштеріне (сұрауларына), Ұлттық комиссияның немесе оның Директоратының шешімдеріне (жоспардан тыс тексерістер) сәйкес жүзеге асырылады.

3. Тексерістер жоспарын Лицензиялау және қадағалау басқармасына жетекшілік жасайтын атқарушы директор аталған Басқарма бастығының ұсынуы бойынша бекітеді.

Ұлттық комиссия Төрағасының Тексерістер жоспарына өзгерістер мен толықтырулар енгізуге құқығы бар.

4. Тексерістің нақты міндеттері және мәселелері әрбір жекелеген жағдайда оның Лицензиялау және қадағалау басқармасына жетекшілік жасайтын атқарушы директордың бекітуіне жататын бағдарламасымен айқындалады.

Тексерістің бағдарламасы ретінде Ұлттық комиссияның Директораты

бекіткен бірыңғай тексерістер бағдарламасы пайдаланылуы мүмкін.

Тексерістер бағдарламасы, оның ішінде бірыңғай, "Қызметтік пайдалану үшін" санатындағы құжаттар болып табылады. Бұл мақсаттарда Лицензиялау және кадағалау басқармасы Тексерістер бағдарламасымен танысуға құқығы бар және онымен танысқан тұлғалардың журналын жүргізеді.

5. Тексерістің нысаны оны жүргізу жөніндегі бұйрықпен айқындалады (ұсынылған құжаттарды қарау арқылы, заң бұзушылық фактісі бойынша түсініктерін тыңдау мақсатымен мүдделі тараптардың өкілдерін шақыру арқылы, лицензиаттың орналасқан жері бойынша тексеріс жүргізу арқылы).

2-тарау. Тексеріс жүргізу

6. Тексерісті Ұлттық комиссия Төрағасының оны жүргізу туралы бұйрығымен айқындалған комиссия (бұдан әрі "Тексеріс комиссиясы" деп аталады) жүзеге асырады.

Тексерістің міндеттеріне және мәселелеріне байланысты Тексеріс комиссиясының құрамына Лицензиялау және кадағалау басқармасынан басқа Ұлттық комиссия орталық аппараты құрылымдық бөлімшелерінің қызметкерлері (тиісті жетекшілік жасайтын атқарушы директорлардың келісулері бойынша), сондай-ақ сарапшылар және консультанттар ретінде - қазақстандық және шетелдік мамандар енгізілуі мүмкін.

Тексеріс комиссиясының құрамына кандидаттар ұсынуды олар тексерісті тағайындау үшін негіз болып табылатын құжаттармен таныстырғаннан және осындай құжаттарға алдын-ала талдау жасалғаннан кейін Ұлттық комиссия орталық аппараты құрылымдық бөлімшелерінің басшылары жүзеге асырады.

Қажеттілігіне орай тексеріске қатыстырылу үшін салық, қаржы қызметі органдарының және құқық қорғау органдарының қызметкерлері тартылуы мүмкін.

7. Тексеріс жүргізудің мерзімі Ұлттық комиссия Төрағасының оны жүргізу туралы бұйрығымен белгіленеді және осы тармақтың екінші бөлігінде және осы Нұсқаулықтың 14-тармағында көзделген жағдайларды қоспағанда 30 күннен аспау керек.

Жекелеген жағдайларда тексеріс жүргізу мерзімі Ұлттық комиссия Төрағасының Тексеріс комиссиясы мүшелерінің өтінішінің негізінде шығарылған бұйрығымен ұзартылуы мүмкін. Аталған өтініштің мазмұнында Тексеріс комиссиясының мүшелері тексеріс жүргізу мерзімін ұзартуға қажетті деп санайтын себептер болу керек.

8. Тексеріс комиссиясының мүшелеріне осы Нұсқаулықтың 1-қосымшасындағы үлгі бойынша уақытша куәліктер беріледі.

Уақытша куәліктер тек бір тексеріс жүргізу үшін ғана қолданылады.

Уақытша куәлік шығыс нөмірі беріп және берілген күні көрсетіліп міндетті

тіркелуге жатады (шығыс хаттарын тіркеудің қағидалары бойынша). Ұлттық комиссияның Төрағасы немесе оның міндетін уақытша атқарушы Ұлттық комиссияның атқарушы директоры қол қоймаған, Ұлттық комиссия мөрінің таңбасы қойылмаған немесе тіркелмеген уақытша куәліктер жарамсыз болып т а б ы л а д ы .

9. Тексеріс басталғанға дейін Тексеріс комиссиясының мүшелері Ұлттық комиссиядағы тексерілетін лицензиатқа қатысты құжаттарды, оның ішінде:

- 1) лицензия алу үшін ұсынылған құжаттармен;
- 2) лицензиаттың бұрынғы тексерістің аяқталған сәтінен басталатын кезеңдегі е с е п т і л і г і н ;
- 3) лицензиаттың лауазымды тұлғалары және қызметкерлері, сондай-ақ осы тұлғаларға берілген Ұлттық комиссияның біліктілік куәліктері және осы тұлғаларды аттестациялаудың (қайтадан аттестациялаудың) нәтижелері туралы а қ п а р а т т ы ;
- 4) Ұлттық комиссияның бұрынғы тексерістің аяқталған сәтінен басталатын кезеңдегі лицензиатпен жүргізген хат алмасуын;
- 5) Ұлттық комиссияның бағалы қағаздар рыногының лицензиаттан басқан өзге де субъектілерімен осы лицензиатқа қатысты хат алмасуын;
- 6) лицензиатты тексеру мақсатында басқа тұлғалардан арнайы талап етілген қ ұ ж а т т а р д ы ;
- 7) осы лицензиатқа қатысты өзге де ықтимал құжаттарды зерделеуге міндетті.

10. Тексеріс басталар алдында Тексеріс комиссияның мүшелері оларға берілген уақытша куәліктерді тексерілетін лицензиаттың бірінші басшысына (алқалы атқарушы органның немесе атқарушы органның функциясын жеке дара атқаратын тұлғаға) немесе оның міндетін атқарушы тұлғаға не аталған тұлғалар жоқ болған кезде - тексерілетін лицензиаттың кез-келген лауазымы жоғары қызметкеріне ұ сы н у ға м і н д е т т і .

Тексеріс комиссиясының мүшелері уақытша куәліктерін ұсынған сәттен бастап тексеріс жүргізуге кірісуге құқылы және міндетті.

Тексеріс комиссиясының мүшелері тексеріс жүргізудің кез-кезген сәтінде лицензиаттың қызметкеріне (олардың өтініші немесе талап етуі бойынша) өздерінің уақытша куәліктерін ұсынуға міндетті.

Лицензиаттарға уақытша куәліктердің көшірмесін түсіріп алуға рұқсат етіледі .

11. Тексерілетін лицензиаттың лауазымды тұлғаларына және қызметкерлеріне тексерістің бағдарламасымен танысуға рұқсат етілмейді.

12. Тексеріс комиссиясының мүшелері тексерісті құжаттардың түпнұсқаларының немесе нотариальды куәландырылған көшірмелерінің не

олардың сәйкестігі лицензиаттың бірінші басшысының немесе оның міндетін атқарушының және лицензиаттың бас бухгалтерінің және лицензиаттың мөр таңбасымен куәландырылатын көшірмелерінің негізінде жүзеге асырады.

Тексерілетін лицензиаттың түсініктері тексеріс мақсатына қажетті лауазымды тұлғаларының және қызметкерлерінің, сондай-ақ өзге де ықтимал жеке тұлғалардың барлық түсініктері жазбаша түрде ресімделуі және қол қою күнін көрсете отырып осы тұлғалар қол қоюлары керек.

13. Тексерілетін лицензиаттың лауазымды тұлғалары және қызметкерлері осы Нұсқаулықтың 12-тармағында көрсетілген құжаттарды ұсынбаған жағдайда (ұсынбау себептеріне қарамастан) Тексеріс комиссиясының мүшелері олардан осыларға жазбаша түсінік беруді талап етуге міндетті. Аталған түсінікті беруден бас тартылғанда тексеріс актісіне тиісті жазба жасалу керек.

14. Тексеріс комиссиясының мүшелері тексеріс жүргізу кезеңінде тексерілетін лицензиаттың қызметі туралы қажетті түсініктемелер алу үшін мемлекеттік және өзге де органдар мен ұйымдарға өтініш жасауға құқылы. Аталған өтініштерге (сұрауларға) Лицензиялау және қадағалау басқармасына жетекшілік жасайтын атқарушы директор не егер тексерісті Тексеріс комиссиясының мүшелері іс сапарда жүзеге асырса - оның Ұлттық комиссияның қызметкері болып табылатын, лауазымы жоғары мүшесі қол қояды. Бұл ретте тексерісті жүргізу мерзімі сұрау салынған органнан (сұрау салынған ұйымнан) жауап алынғанға дейін ұзартылады.

3-тарау. Тексерістің нәтижелерін ресімдеу

15. Тексерістің нәтижелері тексеріс жүргізілген орында бес жұмыс күні ішінде осы Нұсқаулықтың 2-қосымшасындағы үлгі бойынша жасалатын тексеріс актісімен ресімделеді.

Тексеріс актісі екі данада жасалады және Тексеріс комиссиясының оның құрамының үштен екісін құрайтын мүшелері қол қою керек.

16. Тексеріс актісіне:

1) тексеріс барысында анықталған заң бұзушылықтарды не заң бұзушылықтардың жоқ екендігін растайтын құжаттардың көшірмелері (құжаттардың бөліктері);

2) осы Нұсқаулықтың 12-тармағының екінші бөлігінде көзделген жазбаша түсініктер;

3) Тексеріс комиссиясының мүшелері жасаған есептер, түсініктеме жазбалар, санықтамалар және тексеріс барысында анықталған заң бұзушылықтарды не заң бұзушылықтардың жоқ екендігін растайтын құжаттар;

4) тексеріс актісінің мазмұнындағы тұжырымдардың негізделгендігін растау үшін қажетті өзге де ықтимал құжаттар (құжаттардың көшірмелері) қоса берілу керек.

17. Тексеріс актісінің екінші данасы осы дананы кіріс құжаты ретінде міндетті түрде тіркей отырып тексерілген лицензиатта қалдырылады. Тексеріс актісінің Тексеріс комиссиясының мүшелерінде қалатын бірінші данасында оның екінші данасының кіріс нөмірі және қабылданған күні туралы жазба жасалу керек.

18. Тексерістің қорытындылары бойынша Ұлттық комиссияның қызметкерлері Тексеріс комиссиясының мүшелері Лицензиялау және қадағалау басқармасына жетекшілік жасайтын атқарушы директордың атына лицензиатқа Қазақстан Республикасының заңдарымен рұқсат етілген ықпал ету шараларын қолдану (заң бұзушылықтар анықталған жағдайда) жөніндегі ұсыныстар жасалған қызметтік хат жазады.

Бұл ретте, егер тексерілген лицензиаттың тексеріс актісіне жасалған ескертулері мен қарсылықтары тексеріс актісінің данасын лицензиат алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде Тексеріс комиссиясының мүшелеріне тапсырылмаған немесе Ұлттық комиссия факсимальдық байланыс құралдары немесе қолдай алмаған жағдайда, аталған қызметтік хат аталған күннен бастап он жұмыс күнінің аяқталуынан ерте емес уақытта ұсынылуы мүмкін.

19. Заң бұзушылықтың сипатына және ауырлығына байланысты лицензиатқа мынадай әсер ету шаралары қолданылу мүмкін:

1) міндетті түрде орындау үшін анықталған заң бұзушылықтарды жою жөніндегі ұйғарым жіберу;

2) лицензиаттың Ұлттық комиссияның біліктілік куәліктерін иеленген лауазымды тұлғалары мен қызметкерлерін қайтадан аттестациялаудан өткізу жөніндегі міндет қою;

3) лицензиаттың лауазымды тұлғалары мен қызметкерлеріне берілген Ұлттық комиссияның біліктілік куәліктерін қолдануды тоқтата тұру;

4) лицензиаттың лауазымды тұлғалары мен қызметкерлеріне берілген Ұлттық комиссияның біліктілік куәліктерді қайтарып алу;

5) бағалы қағаздар ұстаушылар тізілімінің жекелеген шоттары ("депо" шоттары) бойынша және тізілім бойынша тұтас бағалы қағаздар қозғалысын тоқтата тұру

6) лицензияны қолдануды тоқтата тұру;

7) лицензияны қайтарып алу;

8) материалдарды тиісті шаралар қолдану үшін құқық қорғау органдарына, соттарға және басқа да мемлекеттік органдарға жіберу туралы шешім қабылдау.

20. Анықталған заң бұзушылықтарды жою туралы лицензиатқа жіберілген ұйғарымға Лицензиялау және қадағалау басқармасына жетекшілік жасайтын атқарушы директор қол қояды. Ұйғарымда лицензиаттың анықталған заң бұзушылықтарды жоюға тиісті мерзім және одан кешіктірмей лицензиаттың

Ұлттық комиссияға анықталған заң бұзушылықты жою жөніндегі шаралар туралы жазбаша хат ұсынуға міндетті күн белгілену керек.

21. Осы Нұсқаулықтың 19-тармағының 2) - 7) тармақшаларында көрсетілген мәселелер бойынша шешімдерді Ұлттық комиссияның Директораты қабылдайды.

22. Материалдарды тиісті шаралар қолдану үшін құқық қорғау органдарына, соттарға және басқа да мемлекеттік органдарға жіберу туралы шешімді Лицензиялау және қадағалау басқармасына жетекшілік жасайтын атқарушы директор (міндетті түрде Заң басқармасымен келісе отырып) немесе Ұлттық комиссияның Директораты қабылдайды.

Ұлттық комиссияның Төрағасы

Қазақстан Республикасы Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссиясы Директоратының 1999 жылғы 30 қыркүйектегі N 443 қаулысымен бекітілген Бағалы қағаздар рыногы субъектілеріне олар алған лицензиялардың және Қазақстан Республикасының қолданылып жүрген заңдарының шарттарына сәйкес келуіне тексерістер жүргізудің тәртібі туралы нұсқаулыққа

1-қосымша

У а қ ы т ш а к у ә л і к

(Ұлттық комиссияның хаттарға арналған бланкісінде ресімделеді)

Қазақстан Республикасы Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссиясы Төрағасының ("XXXX жылғы XX ай" форматтағы күн) N__ бұйрығының негізінде төменде аталған лицензиаттың қызметіне тексеріс жүргізу жүктелген* _ берілді.

* Барыс септігінде: бөлім атауын (бұндай болса) енгізе отырып Ұлттық комиссияның құрылымдық бөлімшесінің атауын көрсете отырып Тексеріс комиссиясы мүшесінің лауазымы, Тексеріс комиссиясы мүшесінің толық аты-жөні (тегі, аты, әкесінің аты). Егер, Тексеріс комиссиясының мүшесі Ұлттық комиссияның қызметкері болып табылмаған жағдайда (Тексеріс комиссиясының құрамына сарапшы немесе консультант негізінде енгізілсе), осы тұлғаның тұрақты атқаратын лауазымын көрсетудің орнына "Қазақстан Республикасы Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссиясының сарапшысы" немесе "

Қазақстан Республикасы Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссиясының консультанты" деген жазба енгізіледі.

Тексеріс объектісі: (Ұлттық комиссиядағы Лицензиатты мемлекеттік тіркеу(қайта тіркеу) туралы куәлікке сәйкес лицензиаттың атауы және орналасқан жері)

Тексеріс нысанасы: "Лицензиаттың оның алған лицензиясының Қазақстан Республикасының қолданылып жүрген заңдарының шарттарын [тексерістің негізгі міндеттерінің тізбесі) бөлігінде сақтауы"

Тексеріс жүргізу мерзімі: ("XXXX жылғы XX ай" форматтағы тексерістің басталу күні)-дан ["XXXX жылғы XX ай" форматтағы тексерістің аяқталу күні)-ға дейін. Егер, тексерістің басталу және аяқталу күні бір айға қатысты болған жағдайда, тексерістің басталу күнінде ай аты көрсетілмейді.

Ұлттық комиссияның Төрағасы

М . О .
Қазақстан Республикасы Бағалы
қағаздар жөніндегі ұлттық
комиссиясы Директоратының
1999 жылғы 30 қыркүйектегі
N 443 қаулысымен бекітілген
Бағалы қағаздар рыногы
субъектілеріне олар алған
лицензиялардың және
Қазақстан Республикасының
қолданылып жүрген заңдарының
шарттарына сәйкес келуіне
тексерістер жүргізудің
тәртібі туралы нұсқаулыққа

2-қосымша

**Бағалы қағаздар рыногы субъектілерін (лицензиатты)
олар алған лицензиялардың және Қазақстан Республикасының
қолданылып жүрген заңдарының шарттарына
с ә й к е с к е л у і н**

Тексеру актісі

(Жасалған күні)*

(Жасалған жері)

*"XXXX жылғы XX ай" форматтағы

1-бөлім. Тексеріс объектісі туралы мәліметтер

Л и ц е н з и а т :

Соңғы берілген Мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) куәлігіне толық түрде сәйкес (әріптерді жазу регистрін, тыныс белгілерін және акционерлік қоғамның

ұйымдық-құқықтық нысанын немесе үлгісін жазудағы анық қателерді қоспағанда мемлекеттік тіркеу органы жіберген қателерді енгізе отырып) және акционерлік қоғамның үлгісін міндетті түрде көрсетіп (егер лицензиат акционерлік қоғам ұйымдық-құқықтық нысанында жұмыс жасаса).

Лицензиаттың тіркеліп орналасқан жері:

Соңғы Мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) куәлігіне және/немесе соңғы статистикалық карточкаға сәйкес лицензиаттың тіркелген орналасқан жері.

Лицензиаттың нақты орналасқан жері:

Лицензиаттың тіркелген және нақты орналасқан жерлерінің арасында айырмалар болған жағдайда көрсетіледі.

Лицензиаттың банктік реквизиттері:

Қызмет көрсететін банктің (банк филиалының) атауы, мекен-жайы және төлем реквизиттері, лицензиаттың ағымдағы банктік шотының нөмірі.

Лицензиат қызметінің негізгі түрлері:

Лицензиаттың соңғы статистикалық карточкасына және/немесе жарғысына с ә й к е с .

Лицензиаттың өздері дербес немесе аффилиирленген тұлғаларымен лицензиаттың жарғылық капиталының бес және одан да көп процентін иеленген акционерлері (қатысушылары) туралы мәліметтер.

Өздері дербес немесе аффилиирленген тұлғаларымен лицензиаттың жарғылық капиталының бес және одан да көп процентін (шығарылған акциялардың жалпы санының) иеленген акционерлердің (қатысушылардың) атауы және орналасқан жері. Бұл мәліметтер лицензиаттың акцияларын ұстаушылар тізілімінің негізінде немесе - егер, лицензиат акционерлік қоғамнан өзге ұйымдық-құқықтық нысанда жұмыс жасаған жағдайда - құрылтай, бухгалтерлік және өзге де ықтимал құжаттардың негізінде жасалады.

2-бөлім. Тексеріс туралы мәліметтер

Тексеріс комиссиясының мүшелері:

Бөлім атауларын (бұндай болса) енгізе отырып Ұлттық комиссияның құрылымдық бөлімшелерінің атауларын көрсетумен Тексеріс комиссиясы мүшелерінің лауазымдары, Тексеріс комиссиясы мүшелерінің толық аты-жөндері (тегі, аттары, әкесінің аттары). Егер, Тексеріс комиссиясының мүшесі Ұлттық комиссияның қызметкері болып табылмаған жағдайда (Тексеріс комиссиясының құрамына сарапшы немесе консультант ретінде енгізілсе), осы тұлғаның тұрақты атқаратын лауазымын көрсетудің орнына "Қазақстан Республикасы Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссиясының сарапшысы" немесе "Қазақстан Республикасы Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссиясының консультанты" деген жазба енгізіледі: Тексеріс, комиссиясы мүшелерінің Уақытша куәліктерінің тіркеу нөмірлері және күндері.

Тексеріс негізі:

"Қазақстан Республикасы Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссиясы Төрағасының ("XXXX жылғы XX ай" форматтағы күн) N (бұйрық нөмірі) бұйрығы" деген жазба.

Тексеріс нысанасы:

Тексеріс комиссиясы мүшелерінің Уақытша куәліктеріне сәйкес.

Тексеріс мерзімі:

("XXXX жылғы XX ай" форматтағы тексерістің басталу күні)-дан ("XXXX жылғы XX ай" форматтағы тексерістің аяқталу күні) дейін деген жазба түріндегі тексерістің нақты басталу және аяқталу күндері туралы мәліметтер. Егер, тексерістің басталу және аяқталу күні бір айға қатысты болған жағдайда, тексерістің басталу күнінде ай аты көрсетілмейді.

Тексеріс нысаны:

Тексеріс нысанын көрсету (ұсынылған құжаттарды қарау арқылы, заң бұзушылық фактісі бойынша түсінігін тыңдау мақсатында мүдделі тараптардың өкілдерін шақыру арқылы, эмитенттің орналасқан жері бойынша тексеріс жүргізу арқылы).

3-бөлім. Тексеріс барысын және нәтижелерін баяндау

Тексеріс актісінің осы бөлігінде Тексеріс комиссиясы мүшелерінің заң бұзушылықтардың жоқ екендігі немесе анықталған заң бұзушылықтар туралы (заң бұзушылықтарды толық сипаттай отырып) қорытындылар алу үшін пайдаланған құжаттарды және әрекеттерді көрсете отырып тексеріс нәтижелері ашылу керек.

4-бөлім. Қорытынды ережелер

Жазба:

"Осы Актіге жасалуы мүмкін ескертпелер мен қарсылықтар жазбаша түрде ресімделу керек және осы Актінің данасы оларды Тексеріс комиссиясының мүшелеріне тапсыру не Ұлттық комиссияның атына факсимальді байланыс құралдары, пошта немесе тікелей жіберу арқылы алынған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасының Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссиясына ұсынылу (жіберілу) керек."